

«Қостанай қыраны» – Ғабит БАЛҒЫНБАЕВ

Қостанай қаласында қазақ күресінен Елбасы Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВТЫҢ жүлдесі үшін «Қостанай қыраны» облыстық іріктеу турнирі аяқталды.

Әр аудан қалада өткен іріктеу жарыстарында жеңімпаз болған кіл мықты екі күн бойы облыс төрінде боз кілемнің шаңын қақты. Спорт сүйер ағайынға әрине ең қызықтысы түйе палуан сайысы. Түйе палуанға 20 дан астам үміткер тіркелген. Нәтижесінде ақтық сайыста қос бірдей арқалықтық спортшы Ғабит БАЛҒЫНБАЕВ пен Асылбек ӘБДІРОВТЫҢ жолы түйісті. Қорытындысында Асылбектен айласын асырған, «Қ. Р. Спорт шебері» Ғабит БАЛҒЫНБАЕВ екінші мәрте облыстық «Қостанай Қыраны» сайысының жеңімпазы атанды. Ғабитке Қостанай облысы әкімінің орынбасары Марат Жүндібаев 300 000 теңгенің сертификатын табыс етті. Бірінші орын алған Ғабит БАЛҒЫНБАЕВ пен екінші орын иегері Асылбек ӘБДІРОВ «Қазақстан барысы» республика-



лық сайысында облыс намысын қорғайтын болады.

Іріктеу кезеңде әртүрлі салмақ дәрежесі бойынша сынға түскен бірқатар спортшыларымыз төмендегіше нәтижелерге қол жеткізді: 55 келі, Абзал ШАЛДЫБАЕВ 1 орын, 60 келі, Еламан ЕРКІНОВ 2 орын, 66 келі, Асхат ЕРЖАН 1 орын, 74 келі, Ақжол ҚАЗЫБЕК 1 орын, 82 келі, Жаслан БЕКБОЛАТ 1 орын, Ерданат РЫЗДЫҚ 1 орын.

Палуандарымызға алдағы жарыстарда сәттілік тілейміз!